

"2015 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерлерін бекіту туралы" Риддер қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 03 ақпандағы № 124 қаулысына өзгерту енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 29 қыркүйектегі № 989 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 22 қазанда № 4183 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 06 қаңтардағы № 02 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласы әкімдігінің 06.01.2016 № 02 қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21-бабына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6-бабының 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Риддер қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

Риддер қаласы әкімдігінің "2015 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерлерін бекіту туралы" 2015 жылғы 03 ақпандағы № 124 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2015 жылғы 24 ақпанда № 3704 тіркелген, "Лениногорская правда" газетінің 2015 жылғы 13 наурыздағы № 11 санында жарияланған) келесі өзгерту енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Риддер қаласының әкімі

Ж. Мұратов

Әкімдіктің
2015 жылғы "12" қыркүйек
№ 989 қаулысына қосымша

2015 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға, мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерлері

Бір айда бір тәрбиеленушінің жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшері, теңге				Жергілікті бюджет			
Республикалық бюджет		Шағын-орталықтар		Балабақшалар, бөбекжайлар		Шағын-орталықтар	
мемлекеттік	жеке	мемлекеттік	жеке	мемлекеттік	жеке	мемлекеттік	жеке
20216,0	24185	17000,0	0	20216,0	0	0	0

кестенің жалғасы:

Бір тәрбиеленушіге шығындардың орташа айлық құны, теңге				Ата-ананың ақы төлеу айлық мөлшері, теңге				Тәрбиеленушілердің саны, адам				Бала , бөбе
мемлекеттік	жеке	мемлекеттік	жеке	мемлекеттік	жеке	мемлекеттік	жеке	мемлекеттік	жеке	мемлекеттік	жеке	
20216,0	24185	17000,0	0	11500,0	12000,0	11500,0	0	2320	377	120	0	